

## ҚАЗАҚ РЕСМИ-ІСКЕРИ СТИЛІ: СИПАТТАМАСЫ, СТАНДАРТТЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Алдаш А.<sup>1</sup>, \*Сейдамаат Ә.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: [aimank51@mail.ru](mailto:aimank51@mail.ru)

<sup>\*2</sup> PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: [asel.seidamat@gmail.com](mailto:asel.seidamat@gmail.com)

**Аңдатпа.** Қоғамның коммуникативтік кеңістігінде қазақ тілінің өміршеңдігін сақтау, бәсекеге қабілетін арттыру, қолданыс аясын одан әрі ұлғайту стратегиясы қазіргі Жаңа Қазақстан кезеңінде сындарлы түрде жалғасып келеді. Бұл ретте тіл саясатын оңтайлы жүзеге асыруда әдеби тіл жүйесіндегі тармақтарды әрбір стильдің ерекшеліктерін кешенді қарастырудың және жеке-дара талдаудың маңызы зор. Қазіргі кезеңде қазақ тілінде ресімделетін ресми құжаттар мен іс қағаздарының (директивтік, әкімшілік-басқарушылық, құқықтық, дипломатиялық қатынастар жөніндегі құжаттар мен іс қағаздары) көлемі барынша ұлғайды. Осыған орай қазіргі қазақ ресми-іскерлік стилінің жүйелі-кешенді, құрылымдық-мазмұндық сипаттамасын қараудың өзектілігі мынадай факторлармен байланысты: а) қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдерінің қатарында ресми-іскери стиль – сыртқы лингвистикалық факторларға байланысты құрылымдық сипаттамасы мен мазмұны, стилистикалық айырым белгілері толық айқындалмаған салалардың бірі; б) ресми мәтіндер әдеби тілдің лексикалық құрамына тән динамикалық процестерді зерттеу үшін эмпирикалық материалды таңдауда негізгі дереккөзге айналады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қазіргі қазақ ресми-іскери стилінің құрылымдық-мазмұндық сипаттамасын, стилистикалық айырым белгілерін айқындау. Қазіргі қазақ ресми-іскери стилі мәтіндеріне тән басым үдерістерді анықтау әрі мәтін тұтастығына тән сипаттарды айқындау мақсатында жинақтау, іріктеу, түсіндіру, жүйелі-құрылымдық, синхронды сипаттау, синтездеу, қорыту әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде қазақ ресми-іскери стилі мәтіндерінің тұтастығын анықтайтын құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктері – ақпарат сапасын анықтайтын тілдік бірліктер, коммуникативтік сапаны анықтайтын тілдік бірліктер анықталды. Ресми-іскери стильдің барлық үлгілерін жинақтап, қазақ тілінің табиғи заңдылықтарына сәйкес стилдік байлаулы белгілері жүйеленген, емле және тыныс белгілері біріздендірілген, кодификацияланған формалды тілдік модельдерін жасау қажеттілігі айқындалды.

Зерттеу жұмысы қорытындысының практикалық негізі іс жүргізу үлгілерінің архитектуронасына тән лексика-грамматикалық құрылым жүйесі қазақ тілі бойынша кәсіби білім берудің, орта және жоғары білім беру жүйесінде ғылым мен техника саласында мемлекеттік тілді меңгерудің негізгі, беделді көзі болып табылады. Ресми құжаттарды қазақ тілінде жүргізу қоғам мүшелерінің мемлекеттік тілді меңгерудегі саналы ұстанымын қалыптастыруға оң әсер етеді.

**Тірек сөздер:** ресми-іскери стиль, ісқағаздары, стильдік айырым белгілер, ақпараттық сапа, коммуникативтік сапа, мәтін тұтастығы, стандартты тілдік бірліктер, норма, стандарт

### Негізгі ережелер

Қазақ әдеби тілі функционалдық стильдерінің қатарында қазіргі кезде ресми-іскери стиль термині қолданысқа түсті. Қазақ тілтанымында өткен

ғасырдың орта тұсынан бастап тарамдала бастаған функционалдық стильдер жүйесінде көрсетілген «ісқағаздар стилі» терминін ығыстырып, ғылыми парадигманың бірі ретінде ресми-іскери стиль терминінің орнығуына, тұтастай алғанда, тіл динамикасына, негізінен сыртқы тілдік факторлардың ықпалы зор.

Қазақстан Республикасындағы үйлесімді тіл саясатының басым бағыты – мемлекеттік мәртебеге ие қазақ тілінің қолданыс аясын ұлғайту стратегиясы функционалдық стильдердің тармақтарының, ішкі подстильдерінің құрылымы мен мазмұнын жаңа сипаттарға қарай өзгертті. Тың өзгерістерге ұшыраған тармақтың бірі – заңнамалық, әкімшілік-басқару, заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың арасындағы құқықтық қарым-қатынастарды реттеу ісіне қатысты құжаттар, ісқағаздар. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, қазіргі кезде ресми құжаттар мен ісқағаздарының 100-ден астам үлгілері қазақ тілінде ресімделеді. Демек, соңғы отыз жылдан астам мерзім ішінде құжаттар мен ісқағаздардың қазақ тіліндегі үлгілерінің мол фактілік материалы жинақталған. Осыған байланысты жеке стильдік тармақтың аса маңызды ерекшеліктері мен тіл динамикасындағы мәнін талдау өзекті.

### **Кіріспе**

Жаңа Қазақстан контексінде ресми-іскери стильдің жазба коммуникацияның бір түрі ретіндегі ерекшеліктерін, архитектуралық (мәтіннің композициялық тұтастығы мен композициялық құрылымын), жекелеген тілдік бірліктердің өзара байланысу заңдылықтарын зерттеу маңызды.

Ресми құжаттар мен ісқағаздарының қазақ тіліндегі үлгілері қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілін меңгерту арқылы қоғам мүшелерінің кәсіби біліктілігін арттыру ісінде айрықша маңыздылыққа ие болды. Біріншіден, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда, Тіл үйрету орталықтары мен жоғары және орта білім беру жүйесінде «Кәсіби қазақ тілі» курстары ашылып, қазақ тілін меңгертудің әдістемесінде ресми құжаттар мен ісқағаздарының лексика-грамматикалық құрылымы негізге алынды; осылайша ресми құжаттар мен ісқағаздар мәтіндері тіл саясатын оңтайлы жүзеге асырудағы негізгі дереккөз ретінде қалыптасты.

Екіншіден, қазақ тілтануының стилистика саласындағы алғашқы зерттеулерде «ісқағаздар стилі» термині қолданылып, осы атау арқылы кеңсе ісқағаздарының түрлері ғана санамаланып, олардың құрылымдық ерекшеліктері ғана аталып келгендігі белгілі. Бұлайша болуына өткен ғасырдың соңғы жағына дейін заңнамалық құжаттардың, әкімшілік-басқару құжаттарының өзге тілде ресімделгендігі, жеке тұлғалар тарапынан ұсынылатын ісқағаздарының кейбір түрлерінің ғана шектеулі түрде қазақ тілінде жазылғандығы басты объективті себептердің бірі екендігі және мәлім.

Үшіншіден, ресми құжаттар мен ісқағаздарының қазіргі кезеңдегі барлық үлгілері қазақ жазба коммуникациясында мәтін түрінде игеріліп, өзіндік стильдік маркерленген сыртқы және ішкі тілдік белгілері айқындалған стильдік тармаққа айналды, мәтіннің ресмилігін және іскери қарым-қатынасқа

арналатындығын айқын танытатын құрылымдық тұтастығы тілдік бірліктердің өзара ұйымдасуы, яғни мәтін архитектурасы қалыптасты. «Ісқағаздар стилі терминінің орнын «ресми-іскери стиль» терминінің алмастыруының бір себебі осында.

Төртіншіден, осы тұрғыдан келгенде, ресми-іскери қазақ әдеби тілі функционалдық стильдер тобындағы жаңа сала болып табылады және жазба коммуникацияның құжаттамалық, іскери, құқықтық салаларын қамтитын маңызды коммуникативтік кеңістікке айналды. Осындай маңызды рөліне байланысты ресми-іскери стиль мәтіндері қазақ әдеби тілінің қазіргі динамикасындағы негізгі үдерістерді ғылыми-практикалық тұрғыдан танып-білуге мүмкіндіктер береді. Демек, ресми-құжаттар мәтіндерінің өзіне тән сипаттарын – жеке стильдік тармақ ретінде атқаратын функцияларын, стильдік жүйе құрайтын тілдік бірліктерін, құрылымын түсіндіру маңызды болып саналады.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Нысанаға алынған проблеманы талқылау мүддесінде әлемдік лингвистикадағы, қазақ тіл білімі мен ішінара түркітанудағы функционалдық стильдердің, оның ішінде ресми-іскери стильдің зерттелуіне қатысты теориялық-практикалық еңбектердегі тұжырымдар негізге алынды. Қазіргі қазақ ресми-іскери стилінің құрылымы мен айырым белгілері жөнінде қорытындылар ұсыну үшін соңғы ширек ғасырдан астам уақыттан бері қазақ тілінде ресімделген ресми құжаттар материалдары іріктелді. Тілдік фактілер ресми сайттардағы түпнұсқа жазба мәтіндерден, жарық көрген ғылыми-практикалық зерттеулер мен оқу құралдарынан, лексикографиялық еңбектерден (Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік // 31 томдық. – Рауан, 2000; Ресми-іскери стиль: қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі. // Официально-деловой язык: казахско-русский словарь сочетаемости – «Арман-ПВ», 2005) жинақталды. Мақалада қолданылған кешенді әдістер: жинақтау, іріктеу, түсіндіру әдістері қазіргі қазақ ресми-іскери стилі мәтіндеріне тән басым үдерістерді анықтауға бағытталған, сонымен қатар олардың құрылымы мен мазмұнына тән объективті сипаттарды, әлеуметтік және коммуникативтік мәнін танып-білуге мүмкіндік береді. Жүйелі-құрылымдық, синхронды сипаттау, синтездеу және қорыту әдістері қазақ ресми-іскери стилінің мәтін тұтастығына тән сипаттарды айқындайды.

### **Талқылау**

Қазақ тіл білімінде әртүрлі жағдаяттар кезіндегі іскери қарым-қатынас барысында тілдік бірліктердің ұйымдасуына тән ерекшеліктер туралы пікір А. Байтұрсынұлының еңбектерінен басталады. Ұлт ұстазы тілдің қолданысына қатысты тұжырымдарында **«шығарманың тілінің ғылымы, шығарманың түрінің ғылымы»** деп ажыратты. Ғалымның бір-бірімен тығыз ұштасатын, *тіл өңінің жүйелері мен мазмұн жүйелері болады* деген сөзі қазақ ресми-іскери стилінің функционалды-мақсатты және функционалды-формалды мазмұнының ерекшеліктерін анықтауға тірек болады [1, 348 б.].

Стильдік тармақтардың әлеуметтік контекст түріндегі сипаты, прагматикалық қызметі турасындағы алғашқы көзқарастар қазақ тілтанымның іргетасын қалаған көрнекті ғалым Қ. Жұбанов мұраларында бар [2, 532-536 б.].

Қазақ тілінің стилистикасы өткен ғасырдың орта тұсында назарға ілікті. Бұл кезеңде тілдің қолданысында, сөз мәдениетінде қазақ тілінің табиғи ішкі тілдік заңдылықтарына, жалпы тіл жүйесіне өзге тілдің ықпалынан туындаған түйінді мәселелер айқын байқала бастаған еді. Осы себепті көрнекті тілші-ғалымдар ғылыми зерттеулер, ғылыми-көпшілік, ғылыми-практикалық еңбектер ұсына бастады. Осындай еңбектердің алғашқысы – «Қазақ тілінің стилистикасы» атты оқулықта «Іс қағаздары стилі мен ресми стиль» деген тарау берілген. Іс қағаздары – хабарландыру, өтініш, мінездеме, хаттама, бұйрық сияқты белгілі бір форма бойынша жазылатын қарапайым үлгілер, ал ресми стиль – көлемі, мазмұны және формасы басқаша заң, жарғы, қаулы тәрізді түрлер аталады [3, 24 б.]. Бұл еңбектің құнды жағы да осында, өйткені авторлар, сол кезеңде қазақ тілінде ресімделетін аздаған ісқағаздарының қай-қайсысында да өзге тілдің «лебі» білініп тұрса да, интуитивті түрде деуге болады, ресми мәтіндерді жіктеудің қажеттілігін анық аңғарған. Нақты айтқанда, «ресми стиль» деген атау осы еңбектен басталады.

Академик Р. Сыздық норма мәселелеріне тоқталғанда, ресми ісқағаздары мен құжаттар тілінде лексика-грамматикалық бірліктер әдеби тілдің нормалары үдерісіне сәйкес келмеуін олардың өзге тілден тәржімалануына қатысты екендігін қатыстыра айтады [4, 79 б.]. Ғалым Д. Әлкебаева «ресми стильдің жанрлары туралы толық ғылыми мағлұматтар берілген уақытта оның функционалдылығы және стилистикалық нормасы тұрақталынады» деп көрсетеді» [5, 87 б.]. Ісқағаздар стилі терминдері қатар қолданылады [6, 54 б.].

Анықтамалық, энциклопедиялық құралдарда «Ресми ісқағаздар стилі» термині аталып, құқықтық қатынастар саласында қолданылатын, ақпараттық және волонтерлік қызмет атқаратын стиль түрі» екендігі көрсетілген [7, 259 б.].

Ресми стильге тән тіркесімдер сөздігінде іскери қарым-қатынастағы терминологиялық лексика арнаулы номенклатуралық-терминологиялық лексика, тірек сөздерден жасалғандар ішкі реестрге орналастырылған [8]. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі іскери хаттардың лингвомәдени ерекшеліктері сипатталып анықталған [9].

Ісқағаздар мен ресми құжаттардың мәтіндерінің лексика-грамматикалық минимумы білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді меңгерту, кәсіби біліктілікті арттыру мақсатында жаңартылған, заманауи әдістемеді тиімділігін танытты. Бұл ретте алғашқы еңбек «Ресми іс қағаздары» деп аталады [10]. Осы мәселеге арналған лингводидактикалық база мол және әр білім беру жүйесі өз саласының бағытына қарай материалды топтастырады. Қазіргі қазақ тіліндегі ресми-іскери стильдің жанрлық ерекшеліктері, кәсіби қазақ тілінің дамуындағы құжаттың функциялары мен оның маңызы, сондай-ақ ресми-іскери стильдегі сөз нормалары және стандарттар [11] қарастырылған еңбектер арқылы шектелеміз. Шектеудің себебі – жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіби қазақ тілін меңгертуге бағытталған

лингводидактикалық базада ресми құжаттар мен іс қағаздарының үлгілері ұқсас. Ең бастысы – жарық көрген еңбектерде негізгі терминнің аталуы әртүрлі. Баяндалғандардан байқалатынындай, аталуы әртүрлі: «Іс қағаздары стилі мен ресми стиль / ресми іс қағаздары мен кеңсе тілінің стилі / ресми іс қағаздары мен құжаттар / ісқағаздар / ресми стиль / ресми іс-қағаздар стилі / ресми іс қағаздары / ресми-іскерлік стиль / ресми-іскери стиль. Термин атауында бірде бөлек, бірде дефис арқылы таңбаланатын орфограммалар бар. Бұл жайт қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдер жүйесіндегі осы тармақтың зерттеу нысанасы ретінде енді-енді қарастырыла бастағандығын дәлелдейді.

Түркітануда бірден-бір еңбекте татар тілінің ресми құжаттардағы көрінісі, осы тармақтың функционалды-стильдік жүйелі сипаттамасы, лексика-грамматикалық нормалардың сақталуы құжаттама мәтіндердің жанрлық ерекшеліктеріне қарай қарастырылған [12].

Орыс тіл білімінде соңғы ширек ғасырдан астам уақытта ресми-іскери стиль үлгілерінің жай-күйі В.В. Виноградов, Д.Э. Розенталь, Г.Я. Солганик, М.П. Сенкевич, М.Н. Кожина т.б. ғалымдар тарапынан қарастырылып, бағыттар мен мәселелер баяндалған [13]. Осы көрнекті ғалымдар еңбектерінде, тұтастай алғанда, функционалдық стильдердің қалыптасуы, оның ішінде ресми-іскери стильдің құрылымдық жағынан туындайтын стандарттылық, логикалық, эмоциялық лексиканың қолданылмайтындығы, қысқалық, дәлдік сияқты басты сипаттарының талданғандығы, алғашқы жіктелімдер мен түсіндірмелердің кейінгі зерттеулерге тірек болғандығы айқын және функционалдық стильдер проблемаларымен шұғылданатын мамандарға мәлім. С.Э. Ульянованың баяндауларын қысқаша тұжырымдағанда байқайтынымыз: «Специального исследования, посвященного развитию официально-делового стиля в постсоветский период, не проводилось. Большинство перечисленных работ дает лишь ориентиры для анализа поставленной проблемы. Очевидно, что современная деловая речь нуждается в более детальном изучении» [13, 53 б.]. Дегенмен кейінгі еңбектерде: а) іскери құжаттардың құрылымы мен мазмұнын оңтайландыру; ә) басқару құжаттарының тілін, типтік құжаттарды біріздендірудегі қарама-қайшылықтар; б) ресми-іскери стильдің функцияларын жаңаша классификациялау; в) іскери қарым-қатынас принциптерін психология, логика, ақпараттану теориясы, әлеуметтік лингвистика салаларының әдіснамаларымен ұштастыру; г) мәдениетаралық іскери коммуникацияның өзіндік ерекшеліктері тәрізді проблемалар Е.Н. Зарецкая, А.П. Ершов, И.А. Месеяшина, В.В. Бахтин, О.С. Сыщиков, Г.А. Дюженко, О.Н. Лысенко, Н.А. Туликова және басқа да зерттеушілердің тұжырымдары ғылыми-практикалық тұрғыдан талданған.

Нысанаға алынған проблемаға қатысты барлық дерлік ғылыми әдебиетпен егжей-тегжейлі танысу барысында тағы да бір анықталған жайт – кейінгі жылдары жарық көрген зерттеулерде ресми құжаттардың жекелеген түрлерін талдауға басым назар аударылады. Әсіресе іскери құжаттар көбірек қарастырылады. Бұлай болуының басты себептерінің бірі – мемлекеттер

арасындағы кеңінен өрістеген экономикалық қарым-қатынастарда, бизнес салаларында іскерихаттардың, басқа да құжаттардың жанр ретінде айқын қалыптасуында. Сондықтан зерттеушілер іскери құжаттардың мәтінтүзуші белгілерін, архитетоникалық, типтік сипаттамаларын, тілдік бірліктердің қолданысына сыртқы тілдік факторлардың ықпалын зерттеген.

Шетелдік лингвистикада негізінен ресми-іскери стильдің жалпы сипаттамалары, формалдық құрылымы талданады, әсіресе іскери құжаттарды сауатты меңгеруге дағдыландыруға, сөйтіп, оқу-әдістемелік құралдарды түзу үшін пайдалануға көбірек мән берілген.

### **Нәтижелер**

Зерттеулерден байқалғанындай, ресми-іскери стиль үлгілерін топтастыруда және жалпы сипаттамасын беруде әртүрлі пікірлер бар. Бұл жайтты тіл динамикасындағы қандайда бір құбылыстың, айталық, ресми-іскери стильдің қалыптасу жолына тән сипат деп бағалауға болады.

Осы саланың негізгі сипаттамаларын анықтау үшін алдымен бірнеше ерекшеліктерді нақты атап өтуге тура келеді.

Ресми құжаттар мен ісқағаздары қоғамның барлық деңгейлеріндегі әкімшілік-құқықтық саладағы кешенді қызметті қамтитын болғандықтан, зерттеулерде ресми құжаттар мен ісқағаздарының түрлері әрқилы жіктеледі. Барлық көзқарастардың негізінде жинақтау мақсатында «оларды шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады: а) іскери хаттар; ә) ақпараттық-анықтамалық құжаттар; б) ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар» [14].

Келесі ерекшелік ресми-іскери стиль атқаратын функцияларға байланысты. Тіл әрбір жағдаятқа қарай қолданысқа түседі. Жағдаяттың сыртқы тұрткіжайттары: сөз арналатын аудиторияның білімдік-танымдық деңгейіне, берілетін ақпараттың мақсатына байланысты баяндаудың (сөз сөйлеудің / жазудың) барысында әсерлі-көріктеу құралдары, логикалық дәлелдеу, ақпаратты ақиқат шындыққа сай жеткізу, бұлтартпас объективтілік, ақпараттық-іскери мазмұнды жеткізетін тілдік бірліктер нақты бір функцияны атқару үшін өзара ұйымдасады / шоғырланады. Осылайша қазақ әдеби тілінің ішкі жүйесі болып саналатын функционалдық стильдердің тармақтарға бөлінісіне белгілі бір жағдаятқа, жағдаят кезіндегі мақсатқа қарай тілдік бірліктердің өзара ұйымдасуы / шоғырлануы негіз болады. Белгілі бір жағдаятта өзара ұйымдасқан /шоғырланған тілдік бірліктердің атқаратын функциясы қалыптасады. Ресми-іскери стильдің атқаратын функциясы – ақпарат беру, нұсқау беру, барлық қоғам мүшелерінің құқықтарын белгілеу және бекіту, заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың құқықтарын анықтау және заңнамаларға сәйкес реттеу. Ресми-іскери стильде тілдік бірліктердің өзара ұйымдасуы /шоғырлануы стандарттылық, дәлдік, ықшамдылық, логикаға сәйкестілік сияқты сипаттар арқылы анықталады. Осы сипаттар зерттеулердің басым көпшілігінде қайталанатын және көбіне-көп әр салаға қатысты терминдер мен тұрақтала бастаған тіркестердің мәтін бойында шоғырлануы арқылы түсіндіріледі.

Зерттеулердегі сипаттамаларды нақтылау мақсатында және жіктелім / топтастырулар қатарындағы үлгілерді ресми-іскери стиль деп атауды негіздейтін, атқаратын функцияларын жүзеге асыратын тілдік бірліктердің ұйымдасуы арқылы айқындалатын, ресми-іскери стильдің өзіне тән кешенді ортақ сипаттар ұсынылады. Олар төмендегілер:

- *ақпараттың сапасын айқындайтын тілдік бірліктер;*
- *коммуникативтік сапаны айқындайтын тілдік бірліктер.*

*Ақпараттың сапасын айқындайтын тілдік бірліктер.* Заңнамалық құжаттарда, әкімшілік-басқаруға қатысты ресми құжаттарда, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар арасындағы ісқағаздарында берілетін ақпараттың сапасы – ресми-іскери стильдің атқаратын функцияларына тән маңызды белгілердің бірі.

Кейінгі кезеңдегі қазақ ресми стилі мәтіндерінің жалпы сипаттамасына қатысты бірнеше жағдаяттар бар. Әкімшілік-басқару құжаттары, заңнамалық құжаттар мәтіндерінің түпнұсқасы өзге тілде жасалып, қазақ тіліне аударылады. Кезінде академик Р. Сыздық атап өткеніндей, қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдерінің жіктелімі орыс тіл білімінің танымына орайластырылған [4, 73 б.]. Бұл тұжырым әсіресе қазақ ресми-стилінің құрылымдық-тілдік айырым белгілеріне тікелей қатысты. Нақты айтқанда, заңнамалық құжаттар (*заң, нұсқаулық, жарғы, жарлық, кодекс*) мәтіндерінің түпнұсқасы өзге тілде жасалып, қазақ тіліне аударылады. Әкімшілік-басқару құжаттарының (*акт, қызметтік жазба, ақпараттық-аналитикалық құжат, түсіндірме жазба, ілесне хат, шешім, қаулы және т.б.*) қазақ тілінде ресімделуі қалыптаса бастады деп айтуға болады, алайда құжат дайындаушы маман санасына басқа тілдегі үлгі әсер етеді. Сол сияқты жеке тұлғаға қатысты құжаттардың (*өтініш, өмірбаян, қолхат және т.б.*) мәтіні әр адамның өз біліктілігіне қарай жазылады, демек, бірізді модель орнықпаған. *Сенімхат, ықтиярхат* тәрізді үлгілерде де басқа тілдің трафареті сақталған. Осындай айырмашылықтар ресми-іскери стиль мәтіндерінің ақпараттық сапасына әсер етеді, ақпарат беру және ақпарат алмасудың тиімді болуын, адресаттың ақпаратты кедергісіз қабылдауын қиындатады.

Ресми-іскери стиль негізінен жазбаша түрде жүзеге асырылады. Осыған байланысты ресми-іскери стиль мәтіндерінде: а) лексикалық-грамматикалық, пунктуациялық әдеби нормалардың қатаң сақталуы; ә) синоним қатарларының ішінде бірінің тұрақты стильдік сипат алуы; б) варианттылықтың болмауы; в) коннотат мағыналардың, көне сөздер мен диалектизмдердің қолданылмауы арқылы ақпараттық сапа қамтамасыз етіледі.

*Лексикалық-грамматикалық әдеби нормалардың қатаң сақталуы* ресми-іскери стильдің тілдік бірліктерінің стандартталуына тығыз байланысты. Қазақ тілі грамматикалық жүйесінің нормалық сипаты біршама тұрақты екендігі белгілі. Ал тілдің лексикалық құрамы сыртқы тілдік факторларға және тілдің өз ішкі үдерістеріне қарай өзгермелі. Осы себепті стандарт / стандарттау термині көбіне-көп лексикалық бірліктерге қатысты.

Стандарт терминінің бірнеше мағынасын атап өтеміз. Стандарт (стандарттау) және біріздендіру (бірдей болуы) ресми-іскери стильдің сыртқы

формасынан, ресімделуінен бастап тілдік бірліктердің қолданылуына дейінгі сипаттарды түгел қамтиды. Қазіргі жазба коммуникацияда қазақ тілінде жазылатын ресми құжаттардың, ісқағаздарының ресімделуінің бірізді болуы, стандартталуы біршама деңгейде қалыптасқан деуге болады.

Сонымен қатар, әдетте, стандарт термині клише, штамп, таптаурын ұғымдарын дереу еске салатыны белгілі. Алайда тіл ғылымында стандарт пен әдеби тіл ұғымдары тең мағынада екендігі дәлелденген. «Стандарт тіл – нормаланған, нормалары жалпыға бірдей міндетті, нормаланған әдеби тіл; Стандарттау – грамматиканы, емлені, орфоэпияны, тыныс белгілерін нормаға келтіру арқылы жүзеге асатын үдерістер» [15, 218 б.]. Сондықтан ресми-іскери стиль мәтіндерінде тілдік бірліктер әдеби нормаларға қатаң сәйкестендіріледі. Мәселен, әкімшілік-басқару ісінде, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар арасындағы ресми қарым-қатынаста қолданылатын *қызметтік хат, ілесне хат, түсіндірме хат, қолдаухат, сенімхат, қолхат, ұсынымхат, ықтиярхат, ақпарат хат, алғыс хат* сияқты құжат үлгілерінің бірінің бірге, екіншілерінің бөлек жазылатындығы нормаланған / стандартталған / кодификацияланған, бұны ескеру және оларға қатысты емле ерекшеліктерін әрдайым назарда ұстау (берілген сөздердің емлесі 2013 жарияланған «Орфографиялық сөздікте» көрсетілген) адресанттың сауаттылық деңгейін, кәсіби біліктілігін танытады, әрі адресаттың (ақпаратты қабылдаушының) сауаттылық деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді.

Диалектизмдер мен сирек қолданылатын сөздердің, көне сөздердің, неологизмдердің әдеби тіл айналымына араласуы, нормалануға белсенділігі тіл динамикасындағы қарқынды өзгерістердің бірі болып отыр. Жалпытілдік қордың осы қабаттары және лексикалық жаңалықтар әсіресе терминжасамды қазақыландыру ісінде кеңінен игерілуде. Жанрлық ерекшеліктеріне қарай ресми-іскери стиль мәтіндерінде терминдер кеңінен қолданылады, сондықтан бұндай жағдайда нормаланған / кодификацияланған аталымдарды пайдалану ресми мәтіндердің ақпараттық сапасы үшін аса маңызды. Қазақ терминжасамы қалыптасу үстінде, бұл заңдылықты бір ұғым үшін бірнеше нұсқаның ұсынылуы немесе бір лексеманың бірнеше мағынаны иеленуі дәлелдей түседі. Мәселен, көнерген сөздер қатарынан алынған «рәміз» (*Мемлекеттік рәміз*) лексемасы «символ» мағынасында актуалданған және кодификацияланған. Алайда «автозамена математическими символами» құрылымында «математикалық таңбалармен автоауыстыру» деп қолдану қажет болады, өйткені соңғы фактідегі *символ* математикалық формулалар мен теоремаларда қолданылатын шартты таңбаларды білдіреді.

Терминжасамның қалыптасу, жетілдіру, біріздендірілу сатысында екендігіне факті ретінде қазіргі ресми құжаттарда *штамп* мағынасында қатар қолданылып келе жатқан *мөртабан және мөртаңба, нұсқаулық және нұсқама* жарыспалы нұсқаларын атауға болады.

Ресми құжаттар мен ісқағаздарында қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамындағы өзара мағыналас сөздердің (синоним қатарларының) бірі тұрақты стильдік сипат алады, стильдік айырым белгі ретінде маркерленеді. Бұл құбылысқа ресми құжаттардың, ісқағаздарының бірізділікке ұмтылуы,



стандартталуы себеп болады. Стандарттау барысында өзара мағыналас қатарлардың семантикасы қозғалысқа түседі. Мәселен, *атқару / өткеру* синонимдерінің бейтарап мағыналы бірінші сыңары барлық функционалдық стильде қолданыла алады, ал екінші сыңары стильдік реңкіне байланысты «мемлекеттік қызметті өткеру» тіркесімінде тұрақталған. Қазақ тіліндегі *осы / мына / бұл / мынау* қатарлары немесе *туралы / жайында / жөнінде / жайлы / хақында* синонимдерінің доминант сыңарлары – *осы*; *туралы* заңнамалық құжаттардың стандартты тілдік бірліктері ретінде қалыптасқан. Олар бір мәнмәтін, сөйлем құрамында, бір мазмұндас заңнамалық құжаттарда қайталана алады. Салыстырыңыз:

*Осы бұйрықты (заңнамада белгіленген тәртіппен) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.*

*Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.*

*Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.*

*Егер осы ереженің 19-тармағында белгіленген мерзім ішінде жұмыс жағдайы өзгермесе, нұсқасы Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту ережесәулықтың қолданылуы келесі мерзімге ұзартылады*  
(<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033709>)

*Осы Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту ережесі ... Еңбек кодексіне сәйкес әзірленген* (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012534>)

*«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін*  
(<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000057>)

*Коммуникативтік сапаны айқындайтын тілдік бірліктер.* Ресми-іскери стиль функцияларының тиімді жүзеге асырылуында коммуникативтік сапаны айқындайтын тілдік бірліктермен тығыз ұштасатын белгілердің бірі ретінде ақпараттық толыққанды болуын қамтамасыз ететін тілдік бірліктерді атауға болады. Шартты түрде, әрі стильдің басты сипаттамасын кешенді нақтылау мақсатында ұсынылып отырған осы аталым ең алдымен ресми-іскери стильдің ішкі жанрларының әрқайсысына тән және барлық жанрларға ортақ тіркесімдерді қамтиды. Бұл ретте де «тіркесім» терминін «тұрақты тіркес» (фразеологизм) аталымынан ажырату мақсатында ұсынамыз. Сөз ретінде айта кетелік, сыңарларының ұйымдасуында ортақтық (тұрақтылық) болғанымен, олардың басты айырмашылығы – фразалық тіркестер образдылыққа ие, ал тіркесімдерде образдылық жоқ және тіркесімнің доминант сыңары – тірек сөзі арқылы жасалатын синтагмалық тізбектер кейде қатаң тұрақты, кейде біршама өзгермелі. Мысалы, *достық кездесу (достық ұшырасу емес), ұлттар*

*арасындағы достықты нығайту (достықты күшейту емес), бұйрық беру, бұйрық шығару (бұйрық жасау емес), зейнетақыны көтеру (зейнетақыны арттыру емес), жалақы тағайындау (жалақыны сайлау емес), бақылауды жүктеу (бақылауды орындату емес) – тұрақты тіркесім. Бірақ белсенділік сөзі арқылы белсенділік көрсету, белсенділік таныту тіркесімдері өрістей алады.*

Тағы да бір атап өтетін жайт – сөз болып отырған тіркесімдер публицистикалық стильде де игерілетін стильаралық сипатқа ие. Ресми-іскери стильдің айырым белгілері ретінде қалыптасқан тіркесімдерді бірнеше топқа жіктеуге болады: а) ресми-іскери стиль мәтіндерінің мазмұнын логикалық байланыстыратын және бекемдейтін тіркесімдер: *осыған байланысты, осыған сәйкес, заңның 1-бабына сәйкес, туындаған жағдайда, қоса есептегенде, қоса беріліп отырған, қамтамасыз ету, жүзеге асыру.* ә) ресми құжаттар мен ісқағаздарының басқару, реттеу түрлеріне қарай әр үлгінің өзінде тұрақталған тіркесімдер орныққан. Заң, кодекс сияқты бір мазмұндас заңнамалық құжаттарға ортақ *жалпы ережелер, негізгі қағидаттар, осы заңда (кодексте) пайдаланылатын ұғымдар, қызметті өткеру, қойылатын талаптар, атқаратын міндеттер, уәкілетті органдар, құқықтық талаптар, басшының өкілеттіктері, атқаруға қойылатын шектеулер, осы заңды (кодексті) қолданысқа енгізу тәртібі, заң күшіне енуі және т.б.* тіркесімдер мәтіннің коммуникативтік сапасын нығайта отырып, заңнамалық құжаттардың мазмұнын шапшаң қабылдауға жол ашады. Тіркесімдер сонымен қатар әкімшілік-басқару, жеке тұлғалардың құқықтық қарым-қатынастарын реттеу құжаттарында да орныққан.

Ресми-іскери стиль мәтіндерінің коммуникативтік сапасын айқындайтын және арттыратын сипаттың бірі – сөз әдебіне қатысты тілдік бірліктер. Ұлт болмысында мәні айрықша сөз әдебінің мемлекеттің ішкі экономикалық, мәдени, әлеуметтік салаларындағы, бизнес саласындағы және сыртқы байланыстардағы қарым-қатынастарда көрініс табуы – іскери қарым-қатынастың тиімді реттелуінің, нысаналы түрде жүзеге асуының маңызды құрамдас бөлігі. Әсіресе проблеманы талқылау, мәселелердің шешімін табу, жағдайға баға беру тұстарында сөз әдебінің нормаларын пайдалану тиімділік танытады. Мекемелер мен әріптестер арасында, айталық, қандайда бір проблемаға қатысты іскерихатта «Сіздің ұсынысыңыз қабылданбайды» деуден гөрі «Өкінішке қарай, Сіздің ұсынысыңыз талқыланатын мәселеге мазмұны жағынан сәйкес келмейді» түрінде баяндалуы әріптеске жағымды әсер етеді. Маманның кандидатурасын жаңа лауазымға ұсынылатын іскерихат түрі – ұсынымхатта маманның жеке және кәсіби қасиеттерін асыра бағалаушылық, шындыққа сәйкес келмейтін фактілерді көрсету де әдеп нормаларынан алыс болып шығады.

Қазақ тілінде жазылатын қазіргі іскерихаттарда біршама стандартталған үлгілер қалыптасқан.

Әкімшілік-басқару, әріптестер арасында байланыс орнату мақсатында жазылатын іскерихаттардың біршама ерекшеліктеріне тоқталалық.

Жинақталған материалдан анықталғанындай, іскерихаттың басталуында адресаттың аты-жөнінің толық жазылуы іскери қарым-қатынастардың ресми

сипатына сыпайылық жүктейді. Сонымен қатар өзара мағыналас *құрметті / аса құрметті / қадірлі / ардақты / аяулы* сөздерінің семантикалық реңктері де талғап жұмсауды керек етеді: белгілі бір мәселе төңірегінде келесі ұйымның басшысына, жауапты маманға жолданатын іскерихатта *құрметті / аса құрметті* нұсқалары, ал *шақырухат, құттықтаухат* үлгілерінде синоним қатарлардың барлығы да адресаттың әлеуметтік ерекшеліктеріне қарай игеріледі. Қазіргі іскерихаттарда сонымен қатар *мырза / ханым* сөздерін де пайдалану үрдісі бар. Стандартталған сөз әдебі формулаларының тағы бір тобы іскерихат соңындағы *құрметпен / ізгі ниетпен / шынайы көңілден / Сізді құрметтеуші* тәрізді тілдік бірліктер екендігін атауға болады. Хат мазмұнында «*Сіздің, Сізге, Өзіңіз, Өзіңізге*» сияқты тікелей бағытталатын сөздердің бас әріп графемасымен таңбалануы да – құрмет, ізет білдірудің кейінгі жылдарда орныға бастаған ресми сөз әдебіне тән белгісі.

Ресми-іскери стиль мәтіндерінің коммуникативтік сапасын айқындайтын тағы да бір маңызды сипат – фактілердің дәлдігі. Ресми құжаттар жолданатын мекемелер мен ұйымдардың, заңнамалық құжаттардың номенклатуралық тұрғыдан бекітілген атауларына қатаң сәйкес жазылуы, лауазымды адамдардың аты-жөнінің де адресант тарапынан өзбетінше ресімделмеуі – ресми құжаттардың ресімделуіне қойылатын маңызды талаптардың бірі. Мәселен, «Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі» деген мекеме атауындағы сөздердің орнын ауыстыру немесе басқалай жазу ресми құжаттың ақпараттық және коммуникативтік сапасын төмендетеді.

### **Қорытынды**

Тілдің функционалдық стилдерінің дамуы мен күрделенуіне ең алдымен қоғамдық-әлеуметтік факторлар ықпал жасайды. Соңғы ширек ғасырдан астам мерзімнің ішінде қазақ тілінің қолданылу аясына әсер еткен Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мен тіл стратегиясының жүзеге асырылуы нәтижесінде қазіргі қазақ әдеби тілі стилдер жүйесінде құрылымдық, мазмұндық, қолданыстық жағынан кеңейген және түрлері күрделенген, тілдік-стильдік байлаулы белгілері (стилистикалық маркированые единицы) нақтылана түскен тармақтардың бірі – ресми-іскери стиль.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін көтеру мақсатында (қазақ тілін басқару тілі, іскери қарым-қатынастың негізгі тілі, барлық мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс жүргізудің негізгі тілі, мемлекеттік қызметкерлердің өз қызметтік міндеттерін орындауы үшін негізгі тіл дәрежесіне жеткізу) ісқағаздары ресми-іскери стиль маңызды рөл атқарады.

Ресми-іскери стиль қоғам мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынастың ресми түріне, басқаша айтқанда, қоғам мүшелерін басқарудың құқықтық қарым-қатынастарына байланысты. Тілдік қарым-қатынастың осындай макроаясын қамтитын ресми-іскери стиль мемлекеттік басқару, халықаралық қатынастар, заң ісі, сауда-экономика, әскери іс, мекемелер мен ұйымдардағы, жеке адамдар өміріндегі ресми қарым-қатынастар, жарнама тәрізді саналуан

қызмет түрлерін қамтиды. Қазіргі кезеңде ісқағаздар стилінің заңнамалық, типтік, қызметтік, ақпараттық, ұйымдастырушылық, салалық күрделі және қарапайым түрлері қалыптасты. Осы себепті ісқағаздарының барлық үлгілерінің тілдік фактілері тілдің қазіргі синхронды дамуындағы өзгерістерді, оның ішінде тілдің ішкі әлеуетін пайдалану арқылы терминжүйені қазақыландыру жолдарын жетілдіру ісінде, сондай-ақ мемлекеттік тілді оқытып-менгерту әдістемесін оңтайлы ету, тұтастай алғанда, қоғам мүшелерінің мемлекеттік тілге саналы көзқарасын қалыптастыру ісінде құнарлы дереккөз болып саналады. Алайда қазіргі кезеңнің өзінде де ресми-іскери стильдің әсіресе күрделі түрлері (заңнамалық, ұйымдастырушы, ақпараттық құжаттар) өзге тілден аударма арқылы жасалып отыр. Осы себепті ресми-іскери стильдің қалыптасуына, ресімделуіне әсер ететін ішкі және сыртқы тұрткіжайттарды зерделей отырып, ресми-іскери стильдің барлық үлгілерін жинақтап, қазақ тілінің табиғи заңдылықтарына сәйкес келетін стилдік байлаулы белгілері жүйеленген, емле және тыныс белгілері біріздендірілген және кодификацияланған формалды тілдік модельдерін жасау қажеттілігі туындайды. Осындай ғылыми-практикалық жұмыстардың жүзеге асырылуы: а) қазақ функционалдық стильдер жүйесіндегі ісқағаздар стилінің (ресми-іскери стильдің) дербес стильдік тармақ екендігін нақтылайды; ә) тілді оқытып-үйрету әдістемесін жетілдіреді; б) мемлекеттік ішкі және сыртқы басқару, қызметтік-іскери қарым-қатынастардағы мемлекетті тілдің қолданыс аясының сауаттылық индексі деңгейін реттейді.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала ЖТН BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты бағдарламалық нысаналы қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

### **ӘДЕБИЕТ**

- [1] Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- [2] Жұбанов Қ. Этюды к переводу трех стилей / Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – Б. 532-535.
- [3] Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1974. – 185 б.
- [4] Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
- [5] Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің прагматилистикасы: оқулық. ҚР Білім және ғылым м-гі, Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2014. – 246 б.
- [6] Рапишева Ж.Д., Түйте Е.Е., Есинбаева Ж.У. Қазақ тілінің стилистикасы. Студенттерге арналған оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. – 137 б.
- [7] Тіл білімі сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған профессор Э.Д.Сүлейменова. – Алматы, Ғылым: 1998. – 544 б.
- [8] Сүлейменова Э., Ақанова Д., Алдаш Ж. Ресми-іскери стиль: қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі. Официально-деловой язык: казахско-русский словарь сочетаемости. – Алматы: «Арман-ПВ», 2005. – 376 б.
- [9] Алдаш А., Бүркітбаева Г. Искерихаттар – Business Correspondence: оқу құралы. – Алматы: «ИП Волкова В.А.», 2011. – 244 б.

[10] Resmi is қағаздары: Мемлекеттік қызметкерлерге арналған анықтамалық / Алдаш А., Ахметжанова З., Қадашева Қ., Сүлейменова Э. – Алматы: Сөздік-словарь, 2000. – 216 б.

[11] Оразбайұлы Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі ресми-іскерлік стильдің жанрлық ерекшеліктері. – URL: <https://emle.kz/articles/get/175>

[12] Тимерханов А. Язык деловых бумаг в современном татарском языке: автореф. докт. филол. наук. – Казань, 2006. – 51 с.

[13] Ульяновцева С.Э. Основные тенденции развития официально-делового стиля служебного документа в постсоветский период: дисс. канд. филол. наук. – Москва, 2007. – 204 с.

[14] Алдаш А. Қазақ ресми іскери стилінің архитектурасы: жазба коммуникацияның ерекшеліктері // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Хабаршысы. Филология сериясы. – №3 (187). – 2022. – Б. 4-12. – URL: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v187.i3.01>

[15] Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. 2-басылымы, өңделген / Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 394 с.

## REFERENCES

[1] Baitursynov A. Aq jol: Óleńder men tárjımeler, pýbl. Maqalalar jáne ádebi zertteý (The White Road: poems and teachings, publ. Articles and literary research) / Qurast. R.Nurgalıev. – Almaty: Jalyn, 1991. – 464 b. [in Kaz.]

[2] Jubanov Q. Jetjudy k perevodu treh stilej / Qazaq tili jónindegi zertteýler (Sketches for the translation of three styles) – Almaty: Memlekettik tildi damytý institúty, 2010. – S. 532-535. [in Rus.]

[3] Balaqaev M., Tomanov M., Janpeisov E., Manasbaev B. Qazaq tiliniń stilistikasy (Stylistics of the Kazakh language). – Almaty, 1974. – 185 b. [in Kaz.]

[4] Syzdyq R. Tildik norma jáne onyń qalyptanýy (kodifikasıy) (The language norm and its normalization (codification)) – Astana: Elorda, 2001. – 230 b. [in Kaz.]

[5] Álkebaeva D.A. Qazaq tiliniń pragmastilistikasy (Pragmastilistics of the Kazakh language) oqýlyq. QR Bilim jáne ғылым m-gi, Ál-Farabı atyn. QazÚY. – Almaty: Qazaq ын-ti, 2014. – 246 b. [in Kaz.]

[6] Rapisheva J.D., Túte E.E., Esınbaeva J.Ý. Qazaq tiliniń stilistikasy (Stylistics of the Kazakh language) Stýdentterge arnalǵan oqý-ádistemelik qural. – Qaraǵandy: QarMÝ baspasy, 2011. – 137 b. [in Kaz.]

[7] Til bilimi sózdigi (Dictionary of linguistics) / Jalpy redaksiyasyn basqarǵan profesor E.D.Súleimenova. – Almaty, Ғылым: 1998. – 544 b. [in Kaz.]

[8] Súleimenova E., Aqanova D., Aldash J. Resm-iskeri stil: qazaqsha-oryssha tirkesimler sózdigi (Official-business style: dictionary of Kazakh-Russian combinations) Ofisialno-delovoi iazyk: kazahsko-rýsski slovar sochetaemosti. – Almaty: «Arman-PV», 2005. – 376 b. [in Kaz.]

[9] Aldash A., Búrkitbaeva G. İskerihattar (Business Correspondence) oqý quraly. – Almaty: «IP Volkova V.A.», 2011. – 244 b. [in Kaz.]

[10] Resm is qaǵazdary: Memlekettik qyzmetkerlerge arnalǵan anyqtamalyq (Official papers: a handbook for civil servants) / Aldash A., Ahmetjanova Z., Qadasheva Q., Súleimenova E. – Almaty: Sórdik-slovar, 2000. – 216 b. [in Kaz.]

[11] Orazbauly Á. Qazirgi qazaq tilindegi resm-iskerlik stildiń janrlyq erekshelikteri (Genre features of the official-business style in the modern Kazakh language). – URL: <https://emle.kz/articles/get/175> [in Kaz.]

[12] Timerhanov A. Jazyk delovyh bumag v sovremennom tatarskom jazyke (The language of business papers in the modern Tatar language) avtoref. dokt. filol. nauk. – Kazan', 2006. – 51 s. [in Rus.]

[13] Ul'janceva S.Je. Osnovnye tendencii razvitiya oficial'no-delovogo stilja sluzhebного документа v postsovetskij period (The main trends in the development of the official business style of an official document in the post-Soviet period) diss. kand. filol. nauk. – Moskva, 2007. – 204 s. [in Rus.]

[14] Aldash A. Qazaq resm iskeri stiliniń arhitektonikasy: jazba komýnikasıanyń erekshelikteri (Architectonics of the Kazakh official business style: features of written communication) // Ál-Farabı atyndagý Qazaq Ulttyq ýmversiteti Habarshysy. Filologia seriasy. – №3 (187). – 2022. – B. 4-12. – URL: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v187.i3.01> [in Kaz.]

[15] Áleýmettik lingvıstika terminderiniń sózdigi. Slovar sosiolingvısticheskih terminov (Dictionary of Sociolinguistic terms) 2-basylymy, óndelgen / Súleimenova E.D., Sháimerdenova N.J., Smaǵulova J.S., Aqanova D.H. – Astana: «Arman-PV» baspasy, 2019. – 394 b. [in Kaz.]

## **ОФИЦИАЛЬНО-ДЕЛОВОЙ СТИЛЬ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА: ХАРАКТЕРИСТИКА, СТРУКТУРА И СОДЕРЖАНИЕ СТАНДАРТНЫХ ЯЗЫКОВЫХ ЕДИНИЦ**

Алдаш А.<sup>1</sup>, \*Сейдама́т Ә.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан, e-mail: [aimank51@mail.ru](mailto:aimank51@mail.ru)

\*<sup>2</sup>PhD докторант, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: [asel.seidamat@gmail.com](mailto:asel.seidamat@gmail.com)

**Аннотация.** На современном этапе нового Казахстана конструктивно продолжается стратегия сохранения витальности и повышения конкурентоспособности казахского языка, дальнейшего расширения его сферы употребления в коммуникативном пространстве общества. При этом велика роль комплексного анализа и отдельное рассмотрение особенностей каждого функционального стиля в системе литературного языка, способствующие оптимальной реализации языковой политики. На современном этапе максимально увеличился объем официальных документов и делопроизводства (документы и деловые бумаги по директивным, административно-управленческим, правовым, дипломатическим отношениям), оформляемые на казахском языке.

Актуальность рассмотрения системно-комплексной, структурно-содержательной характеристики современного казахского официально-делового стиля определяется ее следующими факторами: а) в ряду функциональных стилей казахского литературного языка официально-деловой стиль – одна из областей, в которой структурная характеристика и содержание, стилистические маркированные признаки не изучены в полной мере, в связи с обусловленными внешними лингвистическими факторами; б) официальные тексты становятся основным источником при отборе эмпирического материала по изучению динамических процессов, характерных для лексического состава литературного языка.

Цель исследовательской работы – выявить структурно-содержательную характеристику, стилистические отличительные признаки современного казахского официально-делового стиля. В целях выявления приоритетных процессов, характерных для текстов современного казахского официально-делового стиля, и определения характеристик, характерных для целостности текста, применялись методы обобщения, отбора, интерпретации, системно-структурного, синхронного описания, синтеза, обобщения.

В результате исследовательской работы были выявлены структурно-содержательные особенности, определяющие целостность текстов казахского официально-делового стиля – языковые единицы, определяющие качество информации, языковые единицы, определяющие коммуникативное качество. Выявлена необходимость обобщения всех моделей официально-делового стиля и создания кодифицированных формальных языковых моделей казахского языка, систематизированных стилевых связанных знаков,

унифицированных орфографических и пунктуационных знаков в соответствии с естественными закономерностями казахского языка.

Практическая основа итогов исследовательской работы система лексико-грамматической структуры, характерная для архитектоники образцов делопроизводства, является основным, авторитетным источником для профессионального образования по казахскому языку, овладения государственным языком в области науки и техники в образовательной системе. Следует отметить, что ведение официальных документов на казахском языке положительно повлияло на формирование сознательной позиции членов общества к овладению государственным языком.

**Ключевые слова:** официально-деловой стиль, делопроизводство, стилистические маркированные признаки, информационное качество, коммуникативное качество, целостность текста, стандартные языковые единицы, норма, стандарт

## THE OFFICIAL BUSINESS STYLE OF THE KAZAKH LANGUAGE: CHARACTERISTICS, STRUCTURE AND CONTENT OF STANDARD LANGUAGE UNITS

Aldash A.<sup>1</sup>, \*Seidamat A.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Doctor of Philology, Professor, A.Baitursynov Institute of Linguistics,  
Almaty, Kazakhstan e-mail: [aimank51@mail.ru](mailto:aimank51@mail.ru)

<sup>\*2</sup>PhD student, al-Farabi Kazakh National University  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: [asel.seidamat@gmail.com](mailto:asel.seidamat@gmail.com)

**Abstract.** At the present stage of the new Kazakhstan, the strategy of preserving the vitality and increasing the competitiveness of the Kazakh speech continues constructively, further expanding its scope of in the communicative space of society. The role of a comprehensive analysis and a separate consideration of the features of each functional style in the literary speech system is great, contributing to the optimal implementation of speech policy. At the present stage, the vol of official documents (documents, business papers on directive, administrative and managerial, legal, diplomatic relations), issued in the Kazakh language, has increased as much as possible.

The relevance of considering the systemically complex, structural and substantive characteristics of the modern Kazakh official business style is determined by the following factors: a) among the functional styles of the Kazakh literary language, the official business style is one of the areas in which the structural characteristics and content, stylistic marked features haven't been fully studied; b) official texts become the main source of empirical material for the study of dynamic processes characteristic of the lexical composition of the literary language.

The purpose of the research work is to identify the structural and substantive characteristics, stylistic distinguishing features of the modern Kazakh official business style. The methods of generalization, selection, interpretation, system-structural, synchronous description, synthesis, generalization were used.

As a result of the research work, structural and content features were identified that determine the integrity of the texts of the Kazakh official business style – language units that determine the quality of information, language units that determine the communicative quality. The necessity of generalizing all models of the official business style and creating codified formal language models of the Kazakh language, systematized stylistic connected signs, unified spelling and punctuation marks in accordance with the natural laws of the Kazakh language is revealed.

The practical basis of the results of the research work is the system of lexical and grammatical structure, characteristic of the architectonics of office work samples, is the main, authoritative source for professional education in the Kazakh language, mastering the state language in the field of science and technology in the educational system.

**Keywords:** official business style, office work, stylistic marked signs, information quality, communicative quality, text integrity, standard language units, the norm, standard

*Статья поступила 15.02.2024*